

Хаттама №2

"Қ.Жазықов атындағы орта мектебі" КММ-де 2024 жылдың мамырдың 30-ы күні сағат 15⁰⁰-де қамқоршылық кеңес жиналысы болып өтті.

Қатысуға тиіс - 9

Қатысканы - 9

Қатыспағаны – 0

Күн тәртібінде:

1. Оқу жылының қорытындысы.
2. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру

Тыңдалды.

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Мырзалина Гүлнара Болатовна кеңестің жыл бойы атқарған жұмысына қысқаша тоқталып өтті. Кеңес мүшелері жоспар бойынша көрсетілген жұмыстарды атқарып келеді. Атап айтсақ, қыркүйек айында материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау жұмысына қатысып, аз қамтылған, көпбалалы отбасылардың құжаттарын жинақтауға көмектесіп, жыл бойы қатты мұқтаж оқушыларға көмек көрсетілді.

2. Жазғы сауықтыру лагеріне тарту бойынша тәлімгер Қазбағанбетова Жангүл қысқаша айтып өтсін. Жазғы сауықтыру лагеріне оның ішінде қала сыртындағы лагерьге озат оқушылармен түрлі сайыстардан жетістіктерге жетіп жүрген оқушылар қамтылады. «Жем ұланы» лагері бірінші кезеңі 3.06 - 19.06 аралығында өткізіледі. Лагерьге ыстық тамақпен 22 бала қамтылса, тамақсыз лагерьге 1-5 сынып оқушылары түгел қамтылды. Лагердің екінші кезеңі 24.06 – 10.07 аралығында 6-10 сынып аралығындағы оқушылар тартылады

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөйлеушілер:

Өтешова Жұлдыз - қамқоршылық кеңес мүшесі.

Оқу жылы ішіндегі қамқоршылық кеңес жұмысын қанағаттанарлық деп бағалаймын. Алдағы оқу жылында да жоспар бойынша ұйымшылдықпен көптеген жұмыстар атқарамыз деп ойлаймын.

Тәжіғалиев Нұрбол - қамқоршылық кеңес мүшесі.










Жазғы сауықтыру лагері бойынша оқушылардың әлеуметтік жағдайы ескерілгені өте орынды деп ойлаймын. Бала біздің болашағымыз. Олардың жаз айындағы жауапкершілігі ата-аналарында болмақ. Сонда да класс жетекшілер ата-аналармен тығыз байланыста болу керек деп ойлаймын.

Қамқоршылық кеңесінде айтылған ұсыныс-пікірлерді тындай келе қаулы етеді.

1. Қамқоршылық кеңестің атқарған жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Оқушылардың жазғы демалыстарын ұйымдастыру талапқа сай жүргізілсін.

Кеңес төрайымы:

Кеңес мүшелері:

 Г.Б.Мырзалина
 Н.А.Жұбаналина
 Ж.Д.Өтешова
 Г.С.Дүсіпова
 Г.А.Асанова
 И.Н.Нұрмағанбетов
 Н.У.Тәжіғалиев
 Ш.Н.Тубекова
 З.П.Тлеумағанбетова